

**Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 415 "2020-2022 жылдарға арналған Бершүгір ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26 маусымдағы № 497 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 шілдеде № 7226 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 415 "2020-2022 жылдарға арналған Бершүгір ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6694 тіркелген, 2020 жылы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 31183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 32668 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы,  
мәслихат хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 26 маусымдағы № 497  
шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 6 қаңтардағы № 415 шешіміне  
1 қосымша

### 2020 жылға арналған Бершүгір ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
			I. Кірістер	90502,0
1			Салықтық түсімдер	2782,0
	01		Табыс салығы	14,0
		2	Жеке табыс салығы	14,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2768,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	44,0
		3	Жер салығы	74,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2650,0
2			Салықтық емес түсімдер	150,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	150,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	150,0
4			Трансферттердің түсімдері	87570,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	87570,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	87570,0
II. Шығындар				91234,0

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22953,3
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	22953,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22953,3
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22703,3
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250,0
04				Білім беру	66513,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	66513,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	66513,0
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	66513,0

07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1767,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	1767,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1767,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	350,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	321,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1096,0
15				Трансферттер	0,7
	1			Трансферттер	0,7
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,7
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,7
				III. Бюджет тапшылығы (профицит)	-732,0
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	732,0
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	732,0

	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	732,0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	732,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ